

НҰСҚАУЛАР

ТЫНЫС АЛУ ЖОЛДАРЫНЫҢ МОБИЛЕСКОБЫ


OLYMPUS MAF-DM2
OLYMPUS MAF-GM2
OLYMPUS MAF-TM2

Таңбалар	1
Маңызды ақпарат — Құралды пайдаланбас бұрын оқыңыз	2
1-тарау Қаптама ішіндегі бөлшектерді тексеру	17
2-тарау Құрал номенклатурасы мен сипаттамалары	21
3-тарау Дайындау және тексеру	37
4-тарау Камера бөлігінің функциясы және жұмысы	77
5-тарау Қолдану	109
6-тарау Ақауды жою	129
Қосымша	141



8 6 0 6 6 1 2 _ 5 - 0

Өнім нөмірі: KZ-8606612



Қайта өңдеу туралы ақпарат алу үшін, эндоскоппен бірге берілетін нұсқаулықты, мұқабасында эндоскоп үлгісі берілген «ҚАЙТА ӨНДЕУ НҰСҚАУЛЫҒЫН» қараңыз.

CE 0197

Құрамы

Таңбалар	1
Маңызды ақпарат — Құралды пайдаланбас бұрын оқыңыз	2
Мақсатты қолданыс	2
Қарсы көрсетілімдер	2
Эндоскопия және эндоскопиялық емдеуде қолдануға жарамдылығы	3
Пайдалану нұсқаулығы	3
Пайдаланушы біліктілігі	4
Құрал үйлесімділігі	4
Алғашқы пайдалану алдындағы қайта өңдеу/ пайдаланғаннан кейінгі қайта өңдеу және сақтау әдісі	5
Қосалқы жабдық	5
Техникалық қызмет көрсетуді басқару	5
Дұрыс емес жөндеу мен өзгертуге тыйым салу	5
Сигнал сөздер	6
Эндоскопқа арналған сақтық шаралар	7
Сақтық шаралары	8
Эндоскоп кескінінің жоғалып кетуі немесе қатып қалуы бойынша сақтық шаралары	12
Қате қолдану мысалдары	13
Батарея және зарядтау құрылғысы	14
Сұйық кристалды монитор	17
Осы өнімнің қауіпсіздігі туралы	17
1-тарау Қаптама ішіндегі бөлшектерді тексеру	19
1.1 Қаптама ішіндегі бөлшектерді тексеру	19
2-тарау Құрал номенклатурасы мен сипаттамалары	23
2.1 Номенклатура және функциялары	23
Басқару бөлігі, енгізу бөлігі	24
Камера бөлігі	28
СКД монитор бөлімі	30
2.2 Сипаттамалар	33
Қоршаған орта	33
Эндоскоптың техникалық сипаттамалары	34
Батареяның техникалық сипаттамалары	38
Зарядтау құрылғысының техникалық сипаттамалары	38
3-тарау Дайындау және тексеру	39
3.1 Дайындау және тексеру процедурасы	39
3.2 Жабдықты дайындау	41
Батареяны зарядтау	43
SD картасын енгізу/батареяны жүктеу	43
3.3 Тілді, күнді, уақытты орнату	47




























3.4	SD картасының пішімі	53
3.5	Фотосуреттерді және бейнелерді тексеру	55
3.6	Эндоскопты тексеру	62
	Эндоскопты тексеру	62
	Иілгіш механизмдерін тексеру	65
3.7	Қосалқы жабдықтарды тексеру	67
	Бір рет пайдаланылатын сору клапанын тексеру (MAJ-209)	67
	Қақпақты (MH-364) тексеру	68
	Бір рет пайдаланылатын биопсия клапанын тексеру (MAJ-210)	68
	Ауыздықты тексеру (MA-651)	69
3.8	Қосалқы жабдықтарды эндоскопқа жалғау	70
	Бір рет пайдаланылатын сору клапанын тіркеу (MAJ-209)	70
	Қақпақты тіркеу (MH-364)	72
	Бір рет пайдаланылатын биопсия клапанын (MAJ-210) жалғау	73
3.9	Қосымша жабдықты тексеру	74
3.10	Эндоскоптың және көмекші жабдықтың қосылымы	74
	Сору түтігінің қосылымы	74
3.11	Эндоскопиялық жүйені тексеру	75
	Тексеру туралы қысқаша ақпарат	75
	Сұйықтықты беру функциясын тексеру	76
	Сору функциясын тексеру	77
	Құрал арнасын тексеру	78
4-тарау	Камера бөлігінің функциясы және жұмысы	79
4.1	Осы тарауда сипатталған функциялар тізімі	79
	Фотосуреттер түсіру	80
	Бейнелер жазу	82
	Фотосуреттерді және бейнелерді ойнату	84
	Фотосуреттерді жою	88
	Фильмдерді жою	89
	Эндоскопиялық кескін өлшемін орнату	90
	Эндоскопиялық кескін жарықтығын орнату	92
	СКД монитормының жарықтығын орнату	92
	Ақ түстің тепе-теңдігін реттеу	93
	Кескінді ішкі жадтан SD картасына аудару	95
	Барлық кескінді жою	96
	Пішімдеу	98
	Бейнелердің жазу сапасын орнату	98
	Түсіруден кейінгі кескіннің растауы	100
	Тіл орнату	102
	Күн орнату	103
	Параметрлер мен кескіндердің сақтық көшірмесін жасау	104
	Параметрлерді және кескіндерді қалпына келтіру	106
	Кескіндерді қорғау	107
	Кескіндердің көру орнын өзгерту	108
	Кескін файлдары мен қалталары	109
	Кескіндерді компьютер арқылы ойнату	110

5-тарау	Қолдану	111
5.1	Сақтық шаралары	111
5.2	Қуатты ҚОСУ	113
5.3	Енгізу	114
	Эндоскопты ұстау және басқару	114
	Эндотрахеалды түтікті орнату	115
	Эндоскопты енгізу	116
	Алыс ұшын бұру	118
	Сұйықтықты беру	118
	Сору	118
	Эндоскоп кескінін бақылау	120
	Эндоскоп кескінін жазу	120
	Эндотрахеалды түтікті қою	120
5.4	EndoTherapy қосалқы жабдықтарын пайдалану	121
	EndoTherapy қосалқы жабдықтарын эндоскопқа енгізу	123
	EndoTherapy қосалқы жабдықтарын пайдалану	125
	EndoTherapy қосалқы жабдықтарын шығарып алу	125
	Бронхоальвеолярлық шаю	126
5.5	Эндоскопты шығару	128
5.6	Эндоскопты тасымалдау	129
	Ауруханалық мекеме ішінде тасымалдау	129
	Ауруханалық мекеме сыртында тасымалдау	130
6-тарау	Ақауды жою	131
6.1	Ақауды жою	131
6.2	Ақауды жою нұсқаулығы	132
	Кескін сапасы немесе жарықтық	132
	Сұйықтықты беру	133
	Көшіру	133
	Фотосуреттер түсіру	134
	Бейнелер жазу	135
	EndoTherapy қосалқы жабдықтары	135
	Басқа	136
	Қате туралы хабарлар	136
6.3	Ақаулығы бар эндоскопты шығарып алу	139
	СКЖ мониторда эндоскопиялық кескіндері пайда болғанда шығару	139
	Эндоскоп кескіні мониторда пайда болмаған немесе қатып қалған кескінді қалпына келтірмеген кезде суырып алу	140
6.4	Эндоскопты жөндеуге жіберу	141

Қосымша	143
Үйлесімді жабдық	143
Жүйе схемасы	143
Қайта өңдейтін жабдық	145
Үйлесімді EndoTherapy қосалқы жабдықтары	146
Электромагниттік үйлесімділік туралы ақпараты	149
Өдепкі параметрлер тізімі	156
Қолдау көрсетілетін тілдер тізімі	157
License information of Open Source Software	158
Notes on the License	158
On Eclipse Public License applied software	158
Std.h	158
On TI BSD License applied software	164
Target (C Runtime Library)	164
codec	165

Таңбалар

Компоненттердің қаптамасында, пайдалану нұсқаулығының артқы мұқабасында және/немесе құралда көрсетілген белгінің(белгілердің) мағынасы(мағыналары) келесі:

Белгі	Сипаттама	Белгі	Сипаттама
	Нұсқауларды қараңыз.		Сақтық шаралары
	Эндоскоп		BF TYP1 қолданылатын бөлік
	Бір рет қолдануға арналған		Топтама нөмірі
	Өндіруші		Өндіру күні
	Еуропалық бірлестіктегі құзырлы өкілі		Сериялық нөмірі
IPX7	Сұйықтықтың енуіне қарсы қорғаныс — 7.		Батарея деңгейі
	SD карта күйі		Ішкі жад күйі
	Сурет жазу режимі		Бейне жазу режимі
	Жарықтық деңгейі		Фильмді жазу сапасы
	SD картасының бос орны		Бейне жазу
	Internal memory free space		Суретті ойнату режимі
	Деректерді қорғау		Тоқтату
	Ойнату		Кідірту
	Артқа айналдыру		Алға айналдыру

Белгі	Сипаттама	Белгі	Сипаттама
	Мәзір		Жоғары
	Төмен		OK
	Жоғары/Төмен		Артқа
	Аударма		Импорттаушы (Еуропалық Одаққа)
	Медициналық құрылғы		

Маңызды ақпарат — Құралды пайдаланбас бұрын оқыңыз

■ Мақсатты қолданыс

Эндоскоп моделі: MAF-TM2

Бұл құрал тыныс алу жолдарының анатомиялық эндотрахеалдық/эндобронхиалдық интубациясына және басқаруға кіру үшін эндоскопиялық емдеуді, диагностиканы және бақылауды қамтитын, тысын алу жолдарын басқаруға арналған сорғымен, EndoTherapy қосалқы жабдықтарымен және басқа қосымша жабдықтармен бірге пайдалануға арналған.

Эндоскоп моделі: MAF-GM2/MAF-DM2

Бұл құралдар тыныс алу жолдарының анатомиялық эндотрахеалдық/эндобронхиалдық интубациясына және тыныс алу жолдарын басқаруға кіру үшін эндоскопиялық емдеуді, диагностиканы және бақылауды қамтитын, тысын алу жолдарын басқаратын сорғымен және басқа қосымша жабдықтармен бірге пайдалануға арналған.

■ Қарсы көрсетілімдер

Анықталмаған.

■ **Эндоскопия және эндоскопиялық емдеуде қолдануға жарамдылығы**

Эндоскопия мен эндоскопиялық хирургияда қолдануға жарамдылығы бойынша ауруханалық мекеме басшылықтарымен немесе эндоскопия бойынша академиялық қоғамдар сияқты басқа да ресми мекемелермен анықталған ресми стандарттар бар болса, сол стандарттарды ұстаныңыз. Эндоскопияны және эндоскопиялық емдеуді бастамас бұрын, оның сипаттарын, мақсаттарын, әсерлерін және ықтимал қауіптерін (олардың ерекшелігін, көлемін және ықтималдылығын) толық анықтап алыңыз. Эндоскопия мен эндоскопиялық емдеуді тек ықтимал артықшылықтар қатерлерден жоғары болғанда ғана орындаңыз.

Емделушіге эндоскопия және эндоскопиялық емдеудің ықтимал артықшылықтары мен қауіптерін, сондай-ақ, оның орнына орындауға болатын зерттеу/емдеу әдістерін толық түсіндіріңіз және эндоскопия мен эндоскопиялық емдеуді тек емделушінің келісімін алғаннан кейін орындаңыз.

Эндоскопия мен эндоскопиялық емдеуді бастағаннан кейін де ықтимал артықшылықтар мен қауіптерді әрі қарай бағалап отырыңыз және емделушіге төнетін қауіптер ықтимал артықшылықтардан жоғары болып кетсе, эндоскопияны/емдеуді дереу тоқтатып, тиісті шараларды қабылдаңыз.

■ **Пайдалану нұсқаулығы**

Бұл пайдалану нұсқаулығында осы құралды қауіпсіз және тиімді пайдалану туралы маңызды ақпарат қамтылған. Пайдаланбас бұрын осы нұсқаулық пен процедура барысында пайдаланылатын барлық жабдықтарға арналған нұсқаулықты қарап шығыңыз және жабдықтарды көрсетілгендей пайдаланыңыз.

Аталған эндоскопқа арналған толық пайдалану нұсқаулығының жиынтығы осы нұсқаулықты және қақпақта эндоскоп моделінің тізімі бар «ҚАЙТА ӨНДЕУ НҰСҚАУЛЫҒЫ» нұсқаулығын қамтитынын ескеріңіз. Сондай-ақ, ол жөнелту барысында эндоскоппен бірге беріледі. Осы және барлық қатысты пайдалану нұсқаулықтарын қауіпсіз және қолжетімді жерде сақтаңыз. Осы нұсқаулықтағы ақпаратқа қатысты сұрақтарыңыз немесе пікірлеріңіз болса, Olympus компаниясына хабарласыңыз.

○ **Осы нұсқаулықта пайдаланылатын терминдер**

CMOS кескін датчигі:

CMOS кескін датчигі – бұл жарықты электр сигналдарына түрлендіретін құрылғы.

Босату:

Босату функциясы эндоскоп кескінді жазу үшін пайдаланылады.

Ақ түстің жоғалуы

Ақ түстің жоғалуы – бұл эндоскопиялық кескінде мәліметтерді шамадан тыс анықтықтан көре алмау күйі.

Қайта өңдеу:

Қайта өңдеу — қақпақта эндоскоп моделінің тізімі берілген «ҚАЙТА ӨНДЕУ НҰСҚАУЛЫҒЫ» құжатында сипатталғандай эндоскопты тазалағаннан кейінгі дезинфекциялау немесе стерильдеу.

■ Пайдаланушы біліктілігі

Эндоскопия мен эндоскопиялық емдеуді орындау үшін ауруханалық мекеменің медициналық әкімшілері немесе эндоскопия жөніндегі академиялық қоғамдар сияқты басқа да ресми мекемелер анықтаған пайдаланушы біліктілігіне арналған ресми стандарттар бар болса, сол стандарттарды ұстаныңыз. Егер ешқандай ресми біліктілік стандарттары болмаса, осы құралдың операторы ауруханалық мекеменің медициналық қауіпсіздік жөніндегі менеджері немесе бөлімнің (оториноларингология бөлімі, т.б.) жауапты тұлғасы бекіткен дәрігер болуға тиіс.

Дәрігер жоспарланған эндоскопия мен эндоскопиялық емдеуді эндоскопия жөніндегі академиялық ұйымдар орнатқан нұсқаулар бойынша және эндоскопия мен эндоскопиялық емдеудің күрделілігін ескере отырып орындауға қабілетті болуы қажет. Бұл нұсқаулық эндоскопиялық процедураларды түсіндірмейді немесе талқыламайды.

■ Құрал үйлесімділігі

Бұл құрал пайдаланылатын көмекші жабдықпен үйлесімді екенін растау үшін 141-беттегі «Үйлесімді жабдық» бөлімін қараңыз. Үйлесімді емес жабдықты пайдалансаңыз, пациентті немесе операторды жарақаттауы және/немесе жабдықты зақымдауы мүмкін.

Бұл құрал медициналық электр жабдығына арналған ЭМУ стандартының 4-шығарылымына (IEC 60601-1-2: 2014) сәйкес келеді.

Медициналық электр жабдығына арналған ЭМУ стандартының алдыңғы шығарылымына сай келетін құралға жалғаған кезде ЭМУ сипаттамалары нашарлауы мүмкін.

■ **Алғашқы пайдалану алдындағы қайта өңдеу/ пайдаланғаннан кейінгі қайта өңдеу және сақтау әдісі**

Бұл құрал жөнелту алдында қайта өңделмеген. Бұл құралды алғаш рет пайдалану алдында, оны қақпағында эндоскоп моделінің тізімі бар эндоскоптың бірге берілген «ҚАЙТА ӨНДЕУ НҰСҚАУЛЫҒЫ» кітабында берілген нұсқауларға сәйкес қайта өңдеңіз.

Бұл құралды пайдаланғаннан кейін, оны эндоскоппен бірге берілген «ҚАЙТА ӨНДЕУ НҰСҚАУЛЫҒЫ» нұсқауларына сәйкес қайта өңдеп сақтаңыз. Өңдеуді немесе сақтауды дұрыс және/немесе толық орындамау инфекциялық бақылау қаупін тудырып, жабдықтың зақымдалуына немесе өнімділігінің нашарлауына әкелуі мүмкін.

■ **Қосалқы жабдық**

Жабдықтың бұзылуы немесе дұрыс жұмыс істемеуі кесірінен тексеру барысында кедергілерді болдырмау үшін басқа жабдықты дайындап қойыңыз.

■ **Техникалық қызмет көрсетуді басқару**

Эндоскоп пен көмекші жабдықтың ықтимал бұзылуы орындалған операциялар саны және/немесе жалпы операция сағаттарының көптігінен ұлғаяды. Өр процедура алдындағы тексеруден бөлек, әр ауруханалық мекемеде медициналық жабдыққа техникалық қызмет көрсетуге жауапты маман қажетті қолданыстағы нормативтік заңдар, нұсқаулықтар, т.б. сәйкес осы нұсқаулықта сипатталған элементтерді тексеруден өткізіп тұру керек. Ақауы байқалған эндоскопты пайдалануға болмайды, бірақ 6.2-бөлім, «Ақауды жою нұсқаулығы» нұсқауларды орындау арқылы тексеруден өткізіп тұру керек. Егер тексеруден кейін әлі де қандай да бір ақау байқалса, Olympus компаниясына хабарласыңыз.

■ **Дұрыс емес жөндеу мен өзгертуге тыйым салу**

Бұл құралда пайдаланушы қызмет көрсете алатын бөлшектер жоқ. Оны бөлшектеуге, өзгертуге немесе жөндеуге әрекеттенбеңіз, әйтпесе емделуші немесе операторды жарақаттауы және/немесе жабдық зақымдалуы мүмкін.

Olympus компаниясының жеке өкілетті қызмет көрсетуші маманынан басқа адам жабдықты бөлшектеген, жөндеген, түрін өзгерткен, ішін өзгерткен жағдайда, Olympus компаниясы шектелген кепілдемесі бойынша Olympus компаниясы кепілдік пен сенімділікті қамтамасыз етпейді.

■ Сигнал сөздер


Осы нұсқаулықта келесі ескерту сөздер пайдаланылады:

ҚАУІПТІ	Алдын алмаған жағдайда өлім немесе ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін жақын қауіпті жағдайды көрсетеді.
ЕСКЕРТПЕ	Болдырылмаған жағдайда өлім немесе ауыр жарақатқа әкелуі ықтимал қауіпті жағдайды білдіреді.
НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ	Алдын алмаған жағдайда, шағын немесе орта дәрежелі жарақатқа әкелуі ықтимал қауіпті жағдайды білдіреді. Сондай-ақ мұны қауіпсіз емес тәжірибелерге немесе жабдықтың ықтимал зақымдануына қарсы ескерту үшін пайдалануға болады.
ЕСКЕРТУ	Бұл белгі қосымша анықтама ақпаратын көрсетеді.

■ Эндоскопқа арналған сақтық шаралар

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Енгізу бөлігінің алшақ ұшында CMOS кескін датчигі бар қарапайым бейнескоптарға қарағанда MAF-DM2, MAF-GM2 және MAF-TM2 механизмдері басқаша:
эндоскоп кескіні камера бөлігіне кескін бағыттауыш арқылы жіберіліп, камера бөлігінде CMOS кескін датчигімен электр сигналына түрленеді.
Сондықтан кескінді бағыттауыш талшықтар зақымдалса, эндоскоп кескінінде кішкентай қара дақтар пайда болуы мүмкін. Бұл стандартты талшықты эндоскоптармен болатын жағдайларға ұқсас.



- Қолмен тазалау әдісіне дейін, эндоскоптан сұйықтық ақпайтынын сынақтан өткізіп тексеріңіз. Егер ағып жатса, эндоскопты пайдаланбаңыз. Эндоскопты қандайда бір сұйықтықпен пайдалану, эндоскоп кескінінің кенеттен жоғалып кетуіне, иілгіш механизмнің зақымдалуына немесе басқа да ақаулардың болуына әкелуі мүмкін.
- Кәдімгі эндоскопқа қарағанда, камера салмағының қосылуына байланысты бұл құралдың бергі ұшы ауырырақ болады. Ұстаған кезде сақ болыңыз, эндоскопты түсіріп алсаңыз, ол қатты зақымдалуы мүмкін.

■ Сақтық шаралары

Осы эндоскопты пайдалану кезінде, төменде көрсетілген ескертулер мен сақтық шараларын орындаңыз. Бұл ақпарат әрбір тарауда берілген ескертулер мен сақтық шаралары арқылы толықтырылуы керек.

ЕСКЕРТПЕ

- Бұл эндоскопты тағайындалған пайдаланудан басқа көрсеткіштер үшін пайдаланбаңыз. Пациент немесе оператор жарақаты және/немесе жабдық зақымдануы орын алуы мүмкін.
- Бұл эндоскопты пайдаланғаннан кейін, оны қақпақтағы эндоскоп моделінің тізімі бар эндоскоптың бірге берілген «ҚАЙТА ӨНДЕУ НҰСҚАУЛЫҒЫ» кітабында берілген нұсқауларға сәйкес қайта өңдеңіз және сақтаңыз. Қате немесе жартылай қайта өңделген немесе сақталған құралдарды пайдалану нәтижесінде пациентке өзара инфекция алмасу немесе инфекция жұғу қаупін тудыруы мүмкін.
- Жоғары жиілікті каутеризацияны немесе лазерлік каутеризацияны пайдаланбаңыз. Эндоскоп зақымдалуы немесе емделуші жарақаттануы мүмкін.
- Эндоскоптың алшақ ұшын, енгізу түтігін, иілгіш бөлігін, басқару бөлігін немесе камера бөлігін соғуға, майыстыруға немесе құлатуға болмайды. Сондай-ақ, эндоскоптың алшақ ұшын, енгізу түтігін, иілгіш бөлігін, басқару бөлігін, әмбебап сымды немесе камера бөлігін тым қатты күш салып ұруға, тартуға немесе бұрауға болмайды. Эндоскоп зақымдалып, емделушіні жарақаттауы, күйдіруі, қанатуы және/немесе тесіп жіберуі мүмкін. Ол сондай-ақ эндоскоп бөлшектерінің емделушінің ішіне түсіп кетуіне әкеліп соғады.
- Бұрыштық орналасуын басқаруды күшпен немесе кенеттен жасауға тыйым салынады. Бұрышталған иілгіш бөлікті ешқашан күш салып тартуға немесе бұрауға болмайды. Емделушіні жарақаттауы, қанатуы және/немесе тесіп жіберуі мүмкін. Сонымен қатар зерттеу барысында иілгіш бөлік түзетілмей қалуы мүмкін.
- Эндоскоптың енгізу бөлігіндегі иілгіш бөлік орнында құлыпталған кезде оны ешқашан енгізбеңіз немесе суырып алмаңыз. Емделушіні жарақаттауы, қанатуы және/немесе тесіп жіберуі мүмкін.
- Эндоскоп кескінін көрмей тұрып, иілгіш бөлікті пайдаланбаңыз, ауа жібермеңіз немесе соруды орындамаңыз, эндоскоп енгізу бөлігін енгізбеңіз немесе шығарып алмаңыз, не EndoTherapy қосалқы жабдықтарды пайдаланбаңыз. Емделушіні жарақаттауы, қанатуы және/немесе тесіп жіберуі мүмкін.
- Кескін қатырылған кезде EndoTherapy керек-жарақтарын пайдаланбаңыз, сорғызбаңыз, енгізу бөлігін енгізбеңіз немесе шығармаңыз не бұрыштық орналасуды басқару жұмысын орындамаңыз. Емделушіні жарақаттауы, қанатуы және/немесе тесіп жіберуі мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер эндоскопты енгізу қиындық туғызса, эндоскопты күшпен енгізбеңіз, эндоскопияны тоқтатыңыз. Күшпен енгізу нәтижесінде емделушіні жарақаттауы, қанатуы және/немесе тесіп жіберуі мүмкін.
- Енгізу бөлігін ешқашан кенеттен немесе артық күшпен енгізбеңіз не шығарып алмаңыз. Емделушіні жарақаттауы, қанатуы және/немесе тесіп жіберуі мүмкін.
- Эндоскоптың алшақ ұшынан шығатын жарық эндоскопиялық бақылау үшін қажет болатынына қарамастан, сондай-ақ оны мақсатына сай пайдаланбағанда ол тірі тінінің ақуыз денатурациясы мен тіннің перфорациясы сияқты тірі тіндердің өзгерісін тудыруы мүмкін. Жарықтандыру үшін келесі ескертпелерді қарастырыңыз.
 - Ең аз уақыт мөлшері үшін жарықтандырудың ең аз деңгейін пайдаланып тұрып, тиісті түрде қарап шығу үшін қажетті сәйкес аралықты әрқашан сақтаңыз. Қажет болмаса, жақын қозғалыссыз қарау мүмкіндігін пайдаланбаңыз немесе эндоскоптың алшақ ұшын шырышты қабат мембранасына жақын ұзақ уақыт қалдырмаңыз.
- Эндоскоп кескіні процедура барысында күңгірт болса, бұл қанның немесе шырыштың эндоскоптың алшақ ұшындағы жарық өткізгіш линзаларына жабысып қалғанын немесе жарық өткізгіш линзаларының түссізденіп кеткенін білдіреді. Эндоскопты емделушіден дереу алып тастап, қанды немесе шырышты кетіріңіз, содан соң қайта пайдалану мақсатында жарық өткізгішінің объективінде артық ешнәрсе жоқ екенін тексеріңіз. Эндоскоптың бітелген немесе түсі өзгерген жарық өткізгіш объективін пайдалануды жалғастыра берсеңіз, алшақ ұшындағы температура көтеріліп, емделушінің және/немесе оператордың жарақат алуына және/немесе емделушінің күйіп қалуына себеп болуы мүмкін.
- Эндоскоп кескіні СКД мониторында пайда болмаған кезде CMOS кескін датчигі зақымдалған болуы мүмкін. Эндоскопты дереу ӨШІРІҢІЗ.
- Егер сұйықтық эндоскопқа енсе, өрт шығуды немесе ток соғу қаупін болдырмас үшін батареяны дереу алып тастаңыз. Сұйықтық эндоскопқа бір рет енсе, оны пайдаланбаңыз, себебі ішкі механизмі зақымдалуы мүмкін.
- Эндоскопты жанғыш заттары немесе жоғары оттегі концентрациясы бар қоршаған ортада пайдалануға тыйым салынады. Нәтижесінде жарылыс немесе өрт орын алуы мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

- Эндоскоппен трансназалдық енгізуді орындағанда төмендегі ескертпелерді орындаңыз.
 - Мұрын қуысының пішіні мен өлшемі және оның трансназалдық енгізуге жарамдылығы емделушіге байланысты әр түрлі болуы мүмкін. Ешқандай, сондай-ақ ағымдағы эндоскоп әрқашан барлық емделушіге трансназалды түрде енгізіле бермейді. Жалғастырудың алдында, емделушінің мұрын қуысының өлшемі мен эндоскоптың енгізу бөлігінің өлшемін ескеру арқылы емделушіге трансназалдық енгізуді орындау мүмкін екенін әрқашан тексеріңіз. Емделуші жарақаттануы немесе эндоскоп кептеліп қалуы және шығарып алуда қиындық туғызуы мүмкін.
 - Трансназалдық енгізуге мұрын қуысының өртену қаупі төнеді. Егер мұндай жағдай болса, мұрын өткелі тарылып, эндоскопты суырып алуды қиындатады. Мұндай жағдайда, эндоскопты күшпен суырып алмаңыз, себебі емделуші жарақаттануына, қансырауына және/немесе шаншылуға әкелуі мүмкін.
 - Трансназалдық енгізуге мұрын қуысында қансырау қаупі төнеді. Қандай да бір қансырауға әрқашан дайын болыңыз. Эндоскопты шығарғанда, қансыраудың жоқ екенін тексеру мақсатында мұрын қуысының ішін тексеріңіз. Эндоскоп қансыраусыз суырып алынса да, емделушіге мұрынмен қатты дем алуға жол бермеңіз, себебі қансырау басталып кетуі мүмкін.
 - Трансназалдық енгізудің алдында, мұрын қуысын кеңейту үшін емделушіге тиісті алдын ала өңдеу және майлау процедурасын орындаңыз. Әйтпесе, емделушінің жарақаттануы немесе эндоскоп бітеліп қалып, оны шығарып алу қиын болуы мүмкін. Алдын ала өңдеу агентін түтік арқылы қолданғанда, түтікшені эндоскоптың енгізуге жоспарланған жолмен бірдей жолға енгізіңіз. Кері жағдайда, ем әсер етпеуі мүмкін. Алдын ала өңдеу агенті мен майдың әсерлері процедура созылған сайын азая бастайды. Алдын ала емдеу заттарын және майларды қолдану процедура барысында қажет, мысалы, суырып алу процесі қиын болып көрінген жағдайда.
 - Эндоскоптың трансназалдық енгізуі өте мұқият орындалуы қажет. Егер енгізу кедергісі сезілсе немесе емделуші ауыртып жатқаны туралы айтса, енгізуді дереу тоқтатыңыз. Емделуші жарақаттануы немесе эндоскоп кептеліп қалуы және шығарып алуда қиындық туғызуы мүмкін.
 - Мұрын қуысы арқылы енгізілген эндоскопты шығарып алу мүмкін болмаса, оның алыс ұшын ауыздан тартып, қысқыштар арқылы иілмелі түтікті кесіп, кесік бөлігі емделушінің ауыз қуысын немесе мұрын қуысын жарақаттамайтынын тексеріп, эндоскопты абайлап шығарып алыңыз. Сондықтан сым қысқыштарын міндетті түрде алдын ала дайындаңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Иілгіш бөлік тек ЖОҒАРЫ немесе ТӨМЕН бағытта иіледі. Енгізу немесе шығарып алу үшін эндоскопты бұрыштық иілгіш бөліктің бағытына қарай пайдаланыңыз. Емделушіні жарақаттауы, қанатуы және/немесе тесіп жіберуі мүмкін.
- Эндоскопиялық кескін өлшемі функциясын пайдаланғанда, эндоскоптың енгізу бөлігін енгізуге немесе шығарып алуға не кескін үлкейтілгенде EndoTherapy қосалқы жабдықтарын пайдалануға болмайды. Емделушіні жарақаттауы, қанатуы және/немесе тесіп жіберуі мүмкін.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Эндотрахеалды түтікті эндоскоппен пайдаланғанда, эндоскоптың енгізу бөлігі мен өзіңіздің арасында жеткілікті саңылауды беретін түтікті таңдаңыз. Тар саңылау емделушінің тыныс алуын қиындатуы және/немесе эндоскопты зақымдауы мүмкін.
- MAF-DM2, MAF-GM2 құрылғысы EndoTherapy қосалқы жабдықтармен бірге пайдаланылмайды. Эндоскоп зақымдалуы мүмкін.
- Диаметрі 12 см кем енгізу түтікті бұрамаңыз. Жабдық зақымдалуы мүмкін.
- Эндоскоптың енгізу бөлігін қатты күш салып бүгуге немесе майыстыруға әрекеттенбеңіз. Енгізу бөлігі зақымдалуы мүмкін.
- Эндоскоптың алшақ ұшын, соның ішінде эндоскоптың алшақ ұшындағы объектив линзасының бетін соғып алмаңыз. Нәтижесінде эндоскоп кескінінде ақау болуы мүмкін.
- Егер эндоскоп құлап қалса немесе эндоскоптың алшақ ұшына қатты соққы тисе, эндоскоптың алшақ ұшындағы линзаларда ешқандай көзге көрінетін зақым көрінбесе де, эндоскоп зақымдалған болуы мүмкін. Мұндай жағдайда, эндоскопты пайдалануды тоқтатып, Olympus компаниясына хабарласыңыз.
- Иілген бөлікті қолдарыңызбен орамаңыз немесе бұрамаңыз. Жабдық зақымдалуы мүмкін.
- Иілгіш бөлікті күштеп қыспаңыз. Иілгіш бөліктің сыртқы қабаты созылып кетуі немесе үзілуі мүмкін және соның нәтижесінде су ағуы мүмкін.
- Эндотрахеалды түтігі бар эндоскопты емделушіге енгізудің алдында, эндоскоптың енгізу бөлігін бүкіл ұзындығы бойынша артқа және алға қарай жүргізу арқылы оның эндотрахеалды түтікке бірқалыпты кіретінін және түтікке эндоскопты зақымдамайтынын тексеріңіз. Кез келген шығыңқы бөліктер иілгіш бөліктің қақпағын зақымдауы немесе енгізу бөлігінің сыртқы бетін бұзуы мүмкін. Майлау құралын пайдаланғанда, майлау құралын қолданудың алдында жоғарыдағы растауды жасаңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Келесі белгімен таңбаланған жабдықтың немесе басқа тасымалданатын және басқа мобильді РЖ (радиожиілік) байланыс жабдығының, мысалы, ұялы телефонның жанында осы эндоскопта электромагниттік кедергі пайда болуы мүмкін. Егер электромагниттік кедергі пайда болса, осы эндоскопты басқаша қаратып қою не орнын ауыстыру не болмаса орынды қалқалау сияқты теріс әсерді барынша азайту шараларын қабылдау қажет.



- Электромагниттік кедергіні болдырмау үшін бұл эндоскоптың басқа жабдыққа жақын немесе қатарлас орналастырылмағанын тексеріңіз (осы эндоскоптың немесе жүйенің компоненттерінен басқа).
- Осы өнім қосулы болғанда батареяны/карта қақпағын ашуға тыйым салынады. Эндоскоп зақымдалуы мүмкін.

■ Эндоскоп кескінінің жоғалып кетуі немесе қатып қалуы бойынша сақтық шаралары

ЕСКЕРТПЕ

- Егер зерттеу барысында эндоскопиялық кескін кенеттен жоғалып кетсе немесе қатып қалған кескінді қалпына келтіру мүмкін болмаса, эндоскопты пайдалануды дереу тоқтатыңыз және оны пациенттен 6.3-бөлім, «Ақаулығы бар эндоскопты шығарып алу» бөлімінде сипатталғандай шығарып алыңыз. Осындай жағдайда эндоскопты пайдалануды жалғастыратын болсаңыз, емделуші денсаулығына зиян келуі, қан кетуі және/немесе перфорация туындау қаупі болуы мүмкін.
- Төменде берілген сақтық шараларын орындаңыз. Өйтпесе, зерттеу барысында эндоскоп кескіні кенеттен жоғалуы мүмкін немесе қатып қалған кескінді қалпына келтіру мүмкін болмайды.
 - Енгізу бөлігін, иілгіш бөлікті, басқару бөлігін және камера бөлігін бүгуге, соғуға, тартуға немесе бұрауға болмайды. Эндоскоп зақымдалып, судың ағуы және/немесе электр тізбегінің кабелі сияқты ішкі бөлшектердің зақымдалуына әкелуі мүмкін.
 - Ақпайтынын тексеру барысында эндоскоптан ауа көпіршіктері үздіксіз шықса, эндоскопты пайдаланбаңыз. Су эндоскопқа кіріп, қысқа тұйықталуды шақыруы мүмкін. Бұл электр тізбегінің зақымдалуына әкелуі мүмкін.
 - Эндоскопты ауыз арқылы енгізгенде, емделуші енгізу бөлігін байқаусыз тістеуге жол бермеу үшін эндоскопты енгізудің алдында, ауыз мүштігін (MA-651) емделушінің аузына қажетінше салыңыз. Енгізу бөлігін тістеу, кабельдің үзілуіне немесе жарық өткізгішінің бұзылуына әкелуі мүмкін.

■ Қате қолдану мысалдары

Клиникалық эндоскопты пайдалану техникасы туралы мәліметтер бойынша жауапкершіліктер арнайы оқытылған мамандарға артылады. Эндоскопиялық зерттеу мен эндоскопиялық емдеу кезінде емделушінің қауіпсіздігін дәрігер мен медициналық мекеменің тиісті түрде әрекет етуі арқылы қамтамасыз етуге болады. Қате қолдану мысалдары төменде сипатталған.

- Эндоскоптың алшақ ұшын шырышты қабатқа тигізіп, қажетті деңгейден жоғары аспирация қысымымен немесе ұзақ уақыт бойы сорғызу қанның ағуына және/немесе жарақат алуға себеп болуы мүмкін.
- Эндоскоп кері қайырылған бақылауда пайдалануға арналмаған. Қуысқа жақын кері қайырылған бақылау әдісін орындау кезінде иілгіш бөліктің бұрышын түзету және/немесе эндоскопты емделушіден шығарып алу мүмкін болмайды. Эндоскоп қысқа ойықта бұрыштанғанда жөтелдің және басқа себептермен емделуші қозғалған жағдайда, эндоскоптың иілгіш бөлігі ойықта басылуы және кері қайырылуы мүмкін. Емделушінің жөтелу рефлексін және басқа ықтимал күтпеген қозғалыстарын басқару үшін алдын ала өңдеуге білікті маман жауапты. Кері қайырылған бақылау әдісін тек емделушіге қауіп төндірмейтін бірден-бір әдісі болып табылса ғана орындалуы тиіс.
- EndoTherapy қосалқы жабдықтарды анық эндоскоп кескінінсіз енгізу, шығарып алу және пайдалану емделушінің жарақаттануына, күйіп қалуына, қансырауына және/немесе перфорацияның пайда болуына әкелуі мүмкін.
- Анық эндоскоп кескінінсіз эндоскопты енгізу немесе шығарып алу, сору әдісін қолдану немесе иілген бөлікті пайдалану емделушіні жарақаттауы, күйдіруі, қанатуы және/немесе тесіп жіберуі мүмкін.

■ Батарея және зарядтау құрылғысы

ҚАУІПТІ

- Қатты қызып кетуді, жанып кетуді, жарылуды немесе ток соғу немесе күйдіруді болдырмау үшін осы нұсқауларды орындаңыз.
 - Батареяларды қыздыруға немесе күйдіруге тыйым салынады.
 - Батареяларды зергерлік бұйымдар, инелер, түйреуіштер, т.б. сияқты кез келген металл заттармен жанасуын болдырмау үшін, оларды тасымалдаған немесе сақтаған кезде сақтық шараларын орындаңыз.
 - Батареялар мен металл заттарды бірге алып жүрмеңіз немесе сақтамаңыз.
 - Тікелей күн көзі немесе ыстық көлікте жоғары температура әсер ететін, жылу көздеріне жақын, т.б. орындарда батареяларды сақтауға тыйым салынады.
 - Батареяның ағуын немесе олардың терминалдарының зақымдалуын болдырмау үшін батареяларды пайдалануға қатысты барлық нұсқауларды мұқият орындаңыз. Батареяны бөлшектеуге немесе дәнекерлеу, т.б. әдіспен өзгертуге тырыспаңыз.
 - Батарея көзіңізге тиіп кетсе, ағып тұрған таза, салқын сумен дереу шайып, дереу дәрігерге хабарласыңыз.
- Батареяларды міндетті түрде балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз. Балалар батареяны байқаусызда жұтып қойса, дереу дәрігерге хабарласыңыз.
- Айнымалы ток адаптерін суламаңыз немесе айнымалы ток адаптерін су қолмен ұстамаңыз.
- Айнымалы ток адаптеріне шүберекпен жабылып тұрса, айнымалы ток адаптерін пайдаланбаңыз.
- Айнымалы ток адаптерін бөлшектемеңіз немесе өзгертпеңіз.
- Құралда Olympus сипаттаған литий-ионды батарея қолданылады. Көрсетілген батареяны зарядтау құрылғысымен зарядтаңыз. Басқа зарядтау құрылғыларын пайдаланбаңыз.
- Егер батареяны камерадан алу мүмкін болмаса, оған күш салмаңыз. Батарея қызып кетуі немесе жарылып кетуі мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

- Литий-ионды батареядан (LI-92B) және зарядтау құралынан (UC-92) басқа заттарды пайдаланбаңыз. Эндоскопты басқа батареялармен бірге пайдалану нәтижесінде өрт шығуы, жарылыс, сұйықтық ағуы немесе шамадан тыс қызуы мүмкін.
- Батареяларды әрқашан құрғақ күйде сақтаңыз.
- Қайта зарядталатын батареялар көрсетілген уақыт аралығында қайта зарядталмаған болса, зарядтауды тоқтатып, оларды пайдаланбаңыз. Батареялар зақымдалуы мүмкін.
- Батарея сызылған не бұзылған болса, пайдаланбаңыз.
- Батареяларды қатты соғуға немесе үздіксіз діріл әсерінде қолдануға тыйым салынады.
- Батареядан сұйықтық ағатын болса, түссізденіп немесе деформацияланатын болса, не тұтыну барысында басқа жолда ақаулар пайда болса, эндоскопты пайдалануды тоқтатыңыз.
- Батареядан сұйықтық киіміңізге не теріңізге ағатын болса, киіміңізді шешіп, таза, ағып тұрған салқын сумен, тиген аймақтарды дереу шайыңыз. Сұйықтық теріңізді күйдірсе, дереу дәрігерге хабарласыңыз.
- Құралды ұзақ уақытқа сақтау алдында, батареяны құралдан міндетті түрде алып тастаңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Батареяны ұзақ пайдалану барысында қызып кетуі мүмкін. Кіші күйдіру әсерлерін болдырмау үшін оны құралды пайдаланған соң дереу алып тастаңыз.
- Кернеуді түрлендіргішті пайдаланбаңыз, себебі олар зарядтау құрылғысын зақымдауы мүмкін.
- Батарея терминалдарындағы жақпа майлар, кір немесе шаң контактіге кері әсерін тигізеді. Пайдалану алдында, батареяны құрғақ матамен мұқият сүртіңіз.

ЕСКЕРТУ

- Қоршаған ортаны сақтау мақсатында батареяларды утилизациялаңыз. Қолданылған батареяларды жойған кезде, олардың терминалдары жабық болуын тексеріңіз. Міндетті түрде жергілікті заңдар мен ережелерге сәйкес орындаңыз.
- Мерзімі аяқталған батарея пайдаланылса, құрал батарея деңгейі туралы ескертуді көрсетпей өшуі мүмкін.
- Батареяны қайта зарядтауға шамамен 240 минут уақыт қажет.
- Эндоскоптың қуат тұтынуы пайдаланылатын функцияларына байланысты өзгешеленеді.
- Қайта зарядталатын батарея сатып алғанда толық зарядталмаған. Пайдалану алдында UC-92 Olympus зарядтау құрылғысымен батареяны толық зарядтаңыз.
- Зарядтау құрылғысын АТ 100 В және АТ 240 В (50/60 Гц) аралығындағы ауқымында пайдалануға болады.
- Батареяны алғаш рет пайдаланғанда немесе ұзақ уақыт пайдаланылмаса, оны міндетті түрде зарядтаңыз.
- Әдетте, қоршаған орта температурасы төмендеген кезде, батареяның өнімділігі уақытша азаяды. Құралды суық қоршаған ортада пайдаланғанда, осыны ескеріңіз. Қалыпты температураға келгенде, батареяның өнімділігі қалпына келеді.

■ Сұйық кристалды монитор

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- СҚД мониторын күшпен баспаңыз. Кескіндер көрсетілмеуі мүмкін немесе СҚД мониторы сынуы мүмкін.
- Егер СҚД мониторының сұйық кристалы денеге немесе киімге жабысса, оны дереу сабындап жуыңыз.

ЕСКЕРТУ

- Шам жолағы СҚД мониторының жоғары/төменгі жағында пайда болуы мүмкін, бірақ бұл ақаудың белгісі емес.
- Нысан құралда диагоналды түрде көрсетілсе, жиектері СҚД мониторында ирек болып пайда болады. Бұл ақау емес, ол ойнату режимінде қатты байқалмайды.
- Төмен температураға бейім орындарда СҚД мониторында қосу біраз уақытты қажет етеді немесе оның түсі уақытша өзгеруі мүмкін. Төмен температураға байланысты нашар жұмыс істейтін СҚД мониторы қалыпты температурада сапасы жақсарады.
- СҚД дисплейі жоғары дәлдіктегі технологиямен жасалған. Дегенмен, шамның қара немесе жарық дақтары СҚД мониторында өзгеріссіз пайда болуы мүмкін. СҚД мониторында сіз көріп отырған оның сипаттамасына немесе бұрышына байланысты, дақтар түсінде немесе жарықтығында біркелкі болмауы мүмкін. Бұл ақау емес.

■ Осы өнімнің қауіпсіздігі туралы

- Деректердердің ұрлану, жойылу және/немесе бұрмалану ықтималдылығын ескеріп, SD картасына компьютерлік вирус жұқпағанын тексеріңіз.
- Осы өнімді сақтауға және басқаруға арналған жабдықтың қауіпсіздік саясаттарын сақтаңыз.

Маңызды ақпарат — Құралды пайдаланбас бұрын оқыңыз


1-тарау Қаптама ішіндегі бөлшектерді тексеру

1.1 Қаптама ішіндегі бөлшектерді тексеру

1-т.

Қаптамадағы барлық бөлшектерді төменде көрсетілген құрамдастармен салыстырыңыз. Әр бөлшектің зақымдалмағанын тексеріңіз. Егер эндоскоп зақымдалған болса, компоненті жетіспесе не болмаса қандай да бір сұрақтар туындаса, құрылғыларды пайдаланбаңыз, дереу Olympus компаниясына хабарласыңыз.


○ Эндоскоп



MAF-DM2, MAF-GM2, MAF-TM2

1-т.

○ Барлық эндоскоп модельдеріне арналған құралдар




Бір рет пайдаланылатын сору
клапаны
(MAJ-209, 20 дана)




Стерильдеу қақпағы (MAJ-1538)



Литий-ионды батарея
(LI-92B, 2 дана)^{*1}




Зарядтау құрылғысы (UC-92)



SD картасы



Қолдану нұсқаулығы



Қайта өңдеу нұсқаулығы

*1 Бұл кейбір аймақтарда қосымша болып табылады.

○ Арнайы эндоскоп модельдеріне арналған құралдар

MAF-DM2, MAF-GM2



Қақпақ (MH-364, 6 дана)

MAF-DM2, MAF-GM2



Бір рет пайдаланылатын арна саңылауын тазалағыш щетка (MAJ-1339, 3 дана)

MAF-DM2, MAF-GM2



Бір рет пайдаланылатын бір ұштық тазалағыш щетка (BW-403B, 3 дана)

MAF-DM2, MAF-GM2



Сору тазалау адаптері (MAJ-1077)

MAF-TM2



Бір рет пайдаланылатын биопсия клапаны (MAJ-210, 20 дана)

MAF-TM2



Аспирациялық тазалағыш адаптер (MAJ-222)

MAF-TM2



Бір рет пайдаланылатын үйлесімді тазалағыш щетка (BW-411B, 3 дана)

1-т.

1.1 Қаптама ішіндегі бөлшектерді тексеру

1-м.



2-тарау Құрал номенклатурасы мен сипаттамалары


Құралдың номенклатурасы, функциялары және техникалық сипаттамалары осы тарауда сипатталған.

2.1 Номенклатура және функциялары

2-т.

■ Басқару бөлігі, енгізу бөлігі

2-т.




Жоқ	Номенклатура	Сипаттама	Эндоскоп моделі
1	Камера бөлігі	<ul style="list-style-type: none"> • Эндоскопиялық кескінді көрсетіңіз. • Функцияны реттеңіз. 	барлық модельдері
2	ЖОҒАРЫ/ТӨМЕН бұрыштық орналасуын басқару иінтірегі	Осы иінтіректі «U» бағытына жылжытқанда, иілгіш бөлік ЖОҒАРЫ қозғалады, иінтіректі «D» бағытына жылжытқанда, иілгіш бөлік ТӨМЕН қозғалады.	барлық модельдері
3	Басқару бөлігі	Эндоскопты бұрыштық орналасуды басқару ретінде пайдаланады.	барлық модельдері
4	Табан	Енгізу түтігі мен иілгіш бөліктегі басқару бөлімінің арасындағы байланыстың бүгілуіне жол бермейді.	барлық модельдері
5	Енгізу түтігі	Басқару бөлігін және иілгіш бөлікті қосады.	барлық модельдері
6	Иілгіш бөлік	ЖОҒАРЫ/ТӨМЕН бұрыштық орналасуды басқару иінтірегі басылған кезде иілгіш бөлік эндоскоптың алшақ ұшын қозғалтады.	барлық модельдері
7	Алшақ ұшы	Объектив линзасы, жарық өткізгіш линза мен арнаның шығысы осы алшақ ұшта орналасады.	барлық модельдері
8	Енгізу бөлігі	Бұл бөлік емделушінің дене қуысына салынады.	барлық модельдері
9	Бір рет пайдаланылатын сору клапаны	Соруды белсендіру үшін бір рет пайдаланылатын сору клапанын басу қажет. Клапан сондай-ақ қандай да бір сұйықтықты немесе объективтің линзасына жабысқан қалдықтарды кетіру үшін пайдаланылады.	барлық модельдері
10	Бір рет пайдаланылатын биопсия клапаны	Осы клапан құрал арнасының портына бекітіледі және EndoTherapy қосалқы жабдығын енгізуге немесе шприцті бекітуге болады.	MAF-TM2
11	Құрал арнасының кірісі	Осы арнаға EndoTherapy керек-жарағын енгізуге болады. Құрал арнасы эндоскоптың алшақ ұшына жалғанады. Құрал арнасының функциялары: <ul style="list-style-type: none"> • EndoTherapy қосалқы жабдықтарын енгізуге арналған арна • Сору арнасы • Сұйықтық беру арнасы 	MAF-TM2
12	Құрал арнасының порты	Бір рет пайдаланылатын биопсия клапанын осы портқа жалғаңыз.	MAF-TM2
13	Қақпақ	Ауа өткізбеуді қамтамасыз ету үшін сұйықтық беру арна портына қақпақ тіркеңіз.	MAF-GM2 MAF-DM2
14	Сұйықтық беру арнасының кірісі	Сұйықтық беру арнасының функциялары: <ul style="list-style-type: none"> • Сору арнасы • Сұйықтық беру арнасы 	MAF-GM2 MAF-DM2
15	Сұйықтық жеткізуші арна порты	Қақпақты осы портқа тіркеңіз.	MAF-GM2 MAF-DM2

2-м.

2.1 Номенклатура және функциялары

Жоқ	Номенклатура	Сипаттама	Эндоскоп моделі
16	Түс коды	<p>Бұл түс коды және нумерация эндотерапиялық қосалқы жабдықтармен үйлесімділігін көрсетеді.</p> <ul style="list-style-type: none"> Қара: MAF-DM2, MAF-GM2 (EndoTherapy қосалқы жабдықтармен үйлесімді емес) Жасыл: MAF-TM2 <p>Эндоскопты бірдей түс кодындағы EndoTherapy қосалқы жабдықтармен пайдалануға болады. Эндоскопты белгілі бір EndoTherapy қосалқы жабдықтармен үйлестіру туралы қосымша ақпарат алу үшін 141-беттегі «Үйлесімді жабдық»-бетті және үйлесімді қосалқы жабдықтардың пайдалану нұсқаулықтарын қараңыз.</p>	барлық модельдері

2-т.





Жоқ	Номенклатура	Сипаттама	Эндоскоп моделі
17	Стерильдеу қақпағы	Қақпақ газбен стерильдеудің (газ тәрізді этилен тотығы, STERRAD®, т.б.) және желдетудің алдында бекітілуі және батырудың немесе клиникалық зерттеудің алдында алынуы қажет. Сондай-ақ, эндоскоп ауруханалық мекеменің сыртына тасымалданғанда (түсіру, жөндеуге қайтару, т.б.) этиленоксид қақпағы бекітілуі қажет.	барлық модельдері
18	Желдеткіш коннектор	Стерильдеу қақпағын немесе ағуды тексеру құралын осы жерге жалғаңыз.	барлық модельдері
19	Жазу режимі түймесі	<ul style="list-style-type: none"> Бақылау экранындағы түйме басылып тұрғанда, фотосурет жазу режимін бейне жазу режиміне ауыстырыңыз. Ойнату режимінде түймені басқанда, ойнату режиміне ауысу. 	барлық модельдері
20	Босату түймесі	<ul style="list-style-type: none"> Фотосурет жазу режимінде түйме басылғанда кескінді түсіріңіз. Бейне жазу режимінде түйме басылғанда бейнені жазыңыз. Бейне жазуды тоқтату үшін түймені қайта басыңыз. 	барлық модельдері
21	Сорғыш цилиндр	Бұл цилиндр құрал арнасына жалғанған және бір рет пайдаланылатын сору клапаны осында бекітілген.	барлық модельдері

2-т.

■ Камера бөлігі

2-т.



Артқы жағы


2.1 Номенклатура және функциялары

Жоқ	Номенклатура	Сипаттама	Эндоскоп моделі
22	Қуат түймесі	Құралды ҚОСУ және ӨШІРУ үшін басыңыз.	барлық модельдері
23	Батарея/карта қақпағын ашу тетігі	Батарея/карта қақпағын ашыңыз немесе құлыптаңыз.	барлық модельдері
24	Нығыздауыш	Камера бөлімінде су өткізбеу қасиетін сақтайды.	барлық модельдері
25	Батарея/карта бөлігінің қақпағы	Батареяны немесе SD картасын ауыстырғанда ашыңыз және жабыңыз.	барлық модельдері
26	Батареяны бекіткіш тетік	Батареяны бекітіңіз.	барлық модельдері
27	Батарея ұясы	Бұл батареяны енгізуге арналған ұяшық.	барлық модельдері
28	Карта ұясы	Бұл SD картасын енгізуге арналған ұяшық.	барлық модельдері
29	Сериялық нөмірі	Сериялық нөмірі осы жерде белгіленген.	барлық модельдері

2-т.


■ СКД монитор бөлімі

2-т.




Жоқ	Номенклатура	Сипаттама		Эндоскоп моделі
30	Мәзір/артқа түймесі	MENU/BACK	<ul style="list-style-type: none"> Мәзір экранын көрсетеді. Мәзір экраны және ойнату экраны көрсетіліп тұрғанда, алдыңғы экранға оралу үшін түймені басыңыз. 	барлық модельдері
31	Ойнату түймесі	PLAY	Ойнату экранын көрсетеді.	барлық модельдері
32	Жоғары түймесі	▲	Курсорды жоғары жылжытады.	барлық модельдері
33	Төмен түймесі	▼	Курсорды төмен жылжытады.	барлық модельдері
34	ОК түймесі	OK	Реттеуді растайды.	барлық модельдері
35	Сұйық кристалды монитор	Эндоскоп кескіні және батарея деңгейі сияқты әртүрлі ақпаратты көрсетеді.		барлық модельдері

Бақылау экраны



2-м.

Ойнату экраны



2.1 Номенклатура және функциялары

2-т.

Жоқ	Номенклатура	Сипаттама	
36	Батарея индикаторы		Қалған батарея қуаты жеткілікті.
			Батареяның қалған қуаты төмен. Батареяны ауыстыруға дайын болыңыз.
			Қалған батарея қуаты өте төмен. Батареяны пайдалануды тоқтатып, оны ауыстырыңыз.
			Қалған батарея қуаты жоқ. Зарядталған батареяға ауыстырыңыз.
37	Кескін жазу орны		SD картасына жазу.
			Ішкі жадқа жазу.
38	Жазу режимі		Фотосуреттерді түсіріңіз.
			Бейнелерді жазыңыз.
39	Бейне жазу уақыты	00:06 ●	Жазылған бейненің уақыты.
40	Жазуға болатын уақыт (фотосурет)	3800	SD картасына жазуға болатын фотосуреттердің саны.
		12	Ішкі жадқа жазуға болатын фотосуреттердің саны.
	Жазуға болатын уақыт (бейне)	4:20:37	SD картасына жазуға болатын бейнелердің саны.
41	Бейне жазу сапасы		SHQ: кескіннің жоғары сапасында жазу.
			HQ: кескіннің стандартты сапасында жазу.
42	Эндоскопиялық кескін жарықтығы		Эндоскопиялық кескіннің жарықтық орнату мәні.
43	Ойнату режимі		Жазылған фотосуреттерді және бейнелерді ойнату.
44	Файл атауы		Жазылатын деректердің файл атауы.
45	Жазу күні мен уақыты		Жазылатын деректердің күні мен уақыты.
46	Ойнату уақыты		Жазылған бейненің уақыты.
47	Бейне белгісі		Бейнені көрсету.
48	Кадр нөмірі		Жазылған кескіннің саны.
49	Пайдалану нұсқаулығы бөлімі		Түйменің функциясын көрсету.
50	Қорғау		Осы файлды жою мүмкін емес.

2.2 Сипаттамалар







■ Қоршаған орта

Пайдалану ортасы	Орта температурасы	10 – 40 °С
	Салыстырмалы ылғалдылық	30 – 85%
	Атмосфералық қысым	700 – 1060 гПа (0,7 – 1,1 кгк/см ²) (10,2 – 15,4 фунт/дюйм ²)
Стандартты сақтау ортасы (мыс., ауруханалық мекеме ішінде)	Орта температурасы	5 – 40 °С (41 – 104 °F)
	Салыстырмалы ылғалдылық	10 – 95%
	Атмосфералық қысым	700 – 1060 гПа (0,7 – 1,1 кгк/см ²) (10,2 – 15,4 фунт/дюйм ²)
Тасымалдау ортасы (тасымалдау және қысқа мерзімді сақтау кезіндегі жағдайлар)	Орта температурасы	–47 және +70 °С аралығында (–52,6 және +158 °F аралығында)
	Салыстырмалы ылғалдылық	10 – 95%
	Атмосфералық қысым	700 – 1060 гПа (0,7 – 1,1 кгк/см ²) (10,2 – 15,4 фунт/дюйм ²)

2-т.

■ Эндоскоптың техникалық сипаттамалары

2-т.

Моделі		MAF-DM2	MAF-GM2	MAF-TM2
Оптикалық жүйе	Көру өрісі	90°	90°	90°
	Көрініс бағыты	0° (тікелей көру)	0° (тікелей көру)	0° (тікелей көру)
	Өріс тереңдігі	2 – 50 мм	4 – 50 мм	3 – 50 мм
Енгізу бөлігі	Алшақ ұшының сыртқы диаметрі	ø 3,1 мм	ø 3,9 мм	ø 5,1 мм
	Алыс ұшы үлкейтілген күйде 1 Объективті линза 2 Жарық өткізгіш линза 3 Сұйықтық беру арнасының шығысы 4 Құрал арнасының шығысы			
	Енгізу түтігінің сыртқы диаметрі	ø 3,1 мм	ø 4,1 мм	ø 5,2 мм
	Енгізу бөлігінің жұмыс істеу ұзындығы	600 мм	600 мм	600 мм
Арна портының түрі				

Моделі		MAF-DM2	MAF-GM2	MAF-TM2
Арна	Арнаның ішкі диаметрі	ø 1,2 мм	ø 1,5 мм	ø 2,6 мм
	Көрінетін минималды қашықтық *1	–	–	3 мм
	EndoTherapy қосалқы жабдықтардың эндоскоп кескініне кіру және шығу бағыты	–	–	
Иілгіш бөлік	Бұрылу диапазоны	ЖОҒАРЫ 120° ТӨМЕН 120°	ЖОҒАРЫ 120° ТӨМЕН 120°	ЖОҒАРЫ 180° ТӨМЕН 130°
Жоғары жиілікті өңдеу		Үйлесімді емес	Үйлесімді емес	Үйлесімді емес
Лазермен өңдеу		Үйлесімді емес	Үйлесімді емес	Үйлесімді емес



*1 Эндоскоптың алшақ ұшынан басталатын аралық.

2-м.

2.2 Сипаттамалар

2-т.

Қолданбалы батареялар	LI-92B
Үздіксіз жетек уақыты	Үздіксіз қызмет ету мерзімі: шамамен 60 мин (толық зарядталған батареямен) *1.
